

**1997 жылы Ақмола және Қостанай облыстарының ауыл шаруашылығы ұйымдарына берілген гербицидтер үшін берешектерді өтеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 шілде N 679. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.11.04. N 1126 қаулысымен. ~P981126

Ақмола және Қостанай облыстарының "Құнарлылық" акционерлік қоғамдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне берешектерін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ақмола және Қостанай облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен бірлесіп, "Рон-Пуленк Агро Қазақстан" фирмасының "Құнарлылық" акционерлік қоғамдарына 1997 жылы берген гербицидтері үшін берешектеріне салыстыру жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Ақмола және Қостанай облыстарының әкімдеріне, "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" акционерлік қоғамына 1997 жылы берілген гербицидтер үшін, көрсетілген облыстардың әкімдеріне берілген кепілдіктер бойынша берешектерді өтеуі үшін несиелер беруді қамтамасыз етсін.

3. Ақмола және Қостанай облыстарының әкімдері 1998 жылдың 15 қарашасына дейін осы қаулының 2-тармағында көрсетілген несиелерді өтеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі